

**МІНЕЗ –ҚҰЛҚЫНДА АУЫТҚУШЫЛЫҒЫ
БАР ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӨЗІН- ӨЗІ
БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Егенисова А.Қ.
Кашиева А.Ж.**

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: almazhai66@mail.ru.

Аңдатпа. Бұл мақалада мінез-құлқы ауытқушылығы бар балалардың проблемасын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап, осы балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы баяндалған. Ауытқушы мінез-құлықтың әлеуметтік ауытқушының жіктелуін, өзіндік сана-сезім дамуының кезеңдерін, жасөспірім жасына тән мінез-құлықтың бірнеше реакцияларына талдау жасап, жүргізілетін психотерапияның негізгі түрлеріне сипаттама берген.

Түйінді сөздер: жеткіншек, ауытқушы мінез-құлық, өзін -өзі бағалау, қарым – қатынас, делинквенттілік, девианттылық, әдістеме, тренинг, терапия.

Жеткіншектік жас, қауіп-қатерлі топқа енетін кезең болып саналады. Белгілі кеңес психологтары мен педагогтарының, яғни Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Л.И.Божович, Г.К.Платонов т.б. еңбектерінде жеткіншек кезеңінің психологиялық ерекшеліктері баяндалған [1-4].

Жеткіншектік кезеңнің ерекше зейінді аудартатын, бұл әлеуметтік-психологиялық және биологиялық жағдайы, балалалық шақтан ересектік кезеңге өтуі. Осыған байланысты, психикалық ерекшеліктердің өзгеруі және басқа қасиеттердің пайда болуы бір қатар психологиялық қиындықтарды тудырады.

Л.И. Божович, В.А. Крутецкий, Т.В.Драгуновтің зерттеулерінде, жалпыға бірдей мектеп оқушыларының көбісінде, өз жасына сай адамгершіліктік-өнегелі ұғымдар дұрыс талқылауы көрсетіле отырып, барлық жастағы оқушыларда мінез-құлықтың адамгершіліктік нормалары жөнінде білімі дұрыс бола бермейтіні де анықталған [3,5]. Мұндай бұрмалы білімнің себебі: тәрбие үрдісінің дұрыс басқармағанында, дұрыс түсінбеген фактілерге зейінді көбірек бөлгендікте, ересектердің өз беттерінше талдауға талаптануында, - деп түсіндіріледі.

Кеңес психологы А.Н.Леонтьев, мінез-құлықтың мотивін теориялық тұрғыда түсінуіне көп үлесін қосып, осы мәселеге бағытталған бір қатар зерттеулерді, кең тұрғыда жүргізген [6]. Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың қалыпты тұрғыда қалыптасуы, болашақта олардың шыншыл, иманды, арлы, парасатты, ізетті, әдепті, сыпайы, қайырымды болып, мемлекетіміздің саналы азаматы болуына әсер ететіні белгілі.

Сондықтан да, біздің ғылыми мақаламызда жас ұрпақтың, әсіресе мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың теріс жолға түспеуін, адемігершіліктік-өнегелі қасиеттерінің жоғары және ізгі ниетті азамат болуына, олардың тұлғасының дұрыс қалыптасуы, яғни өмір талабына бейімделуі мен талаптану деңгейі үлкен ықпалын тигізетін жүйелі тұрғыда қарастыру маңызды болып табылады.

Мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалардың жағымды мінез-құлық сапаларының қалыптастыру барлық кезеңдерде де өзекті мәселе болып келген. Балалардың өнегелі мінез-құлықтарын тәрбиелеу мәселелері көптеген ғалымдар еңбектерінде көрініс тапты: Я.А.Коменский, А.С.Макаренко, В.А. Сухомлинский, Л.И. Рувинский, И.П.Подласый, М.С. Певзнер т.б.

Алғаш рет арнайы мектеп оқушылары мен мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалардың психологиясын зерттеген ғалым Ж.И. Намазбаева. Ол тұлғаның құрылымының өзіндік ерекшеліктерін зерттей отырып, ақыл-ойы, сана-сезімі, тәжірибелік, мінез – құлқы ауытқыған, адамдармен қарым – қатынасы нашар, өз ой-пікірін айта алмайтын, еңбек іс-әрекет барысында, ақыл-ойы кем балалардың жеке тұлғасының қалыптастыру жолдарын анықтады

Қазақстанда жеке тұлға мәселесі С.М.Жақыпов, Ж.И.Намазбаеваның жетекшілігімен және оның шәкірттерінің, яғни Ақажанова А.Т., Керимов Л.К. және т.б. ғылыми зерттеу еңбектерінде осы проблемалар жан-жақты зерттелді [7].

Мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалар туралы И.С.Кон А.Е. Личко, Л.В.Бороздина және басқалардың еңбектерінде талданады. Олардың пікірінше, адам іс-әрекет пен қарым-қатынас процесінде қоғамның басқа мүшелерімен өзара әрекеттесе отырып, алғашқыда өзінің қандай да бір қоғамдағы «Біз» ұғымының мүшесі ретінде сананы ұғынады және сананың ұжымдық формасын меңгереді. Адам эволюция процесінде оның жеке басты мәні «ішкі менде» немесе ішкі жан дүниеге өтеді, тек осы деңгейде ғана тұлғаның өзіне-өзі ұқсастығы, яғни шынайы «мені» қалыптасады.

Психоанализдің негізін салушы З. Фрейд өзіндік сананың дамуын анықтайтын факторларға туа пайда болатын биологиялық инстинкттер мен санасыз күштерді жатқызады. З. Фрейд санасыздықтың рөлін асыра көрсетіп, өзіндік сананың қалыптасуындағы тұлғаның практикалық іс-әрекетін, қоғамдық тарихи жағдайлардың мәнін терең бағалай алмады.

З. Фрейд идеяларын қарастыра келе неофрейдистер (Э. Фромм К. Хорни және т.б.) өзіндік санаға әлеуметтік қажеттілікті де жатқызады [8-10]. Неофрейдистер өзіндік сананың өмір жағдайларындағы және өзара тұлға аралық қатынастарға тәуелділігін мойындайды, алайда тұлғаның қалыптасуындағы әлеуметтік ортаның әсерін қарастырмайды. Дегенмен де, адамның дамуындағы ішкі психологиялық факторларға біршама тоқталып кетеді. Мысалы: ішкі факторларға бастапқы қорқыныш және тынышсыздық (К. Хорни, 1954), «Еркіндіктен қашуға» тырысу (Э. Фромм, 1941), және нәзіктілікті қажетсіну (Т. Саливан, 1965) сияқты құбылыстарды жатқызады.

К. Роджерс өзіндік бағалау теориясын және өзіндік бағалауға психотерапиялы әсер ету курсының ұйымдастырады. Оның ойынша өмірлік жағдайларға ең оңай бейімделу өзіндік бағалаудың икемділігін дамыту болып табылады, яғни өзіне деген адекватты қатынасты дамыту, бұл басқа адамдармен қарым-қатынасты дұрыс қалыптастыруға, өзін-өзі сыйлаудың жоғарылауына әкеледі. Адам үшін «Меннің» саналы компоненттері адамның мінез-құлқын реттеудің негізгі құралы болып табылады.

Мінез-құлық ауытқушылығын сипаттау үшін арнайы терминдер қолданылады – делинквенттілік және девианттылық. Делинквентті мінез-құлық – заң арқылы жазаланатын күрделі заң бұзушылық пен қылмыстан өзге ұсақ заң бұзушылықтар, тәртіпсіздіктер, айыптылықтар. Девиантты мінез-құлық дегеніміз – қоғамда қабылданған ережелерге бағынбау, ауытқу. Бұл ұғым өте кең, оған делинквентті мінез-құлық және т.б. мінез-құлық ауытқушылықтары (ерте маскүнемдіктен суицидті мінез-құлыққа дейін) жатады. «Мінез-құлық ауытқушылығы» ұғымын «дамудағы ауытқушылық», «дамудың жеткіліксіздігі» ұғымдарынан айыра білу керек. Соңғы екі термин ғылыми әдебиеттерде синонимдер ретінде қолданылады. Бұл терминдер дамуында ауытқушылықтар бар балаларды бейнелейді. Егер, баланың бойындағы мінез ауытқушылығын аңғарып қалғандай болсақ, ондай олқылықтары қалайша толтыруға болады және сол кемістіктерді бұдан былайғы даму кезеңдерін де жоюды жандандырудың әдіс - тәсілдерін іздестіру қажет. Осы орайда бала кемістігін қарапайым жаттығулар арқылы түзетуге болады.

Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың психологиялық ерекшеліктерінде өзіндік бағалау әлі де болса мінез – құлық мотивінің үстемді түрінде көрінбейді. Бұл балалар өз іс-әрекеттеріне иек артпайды, жасаған кемшіліктерін

көре бермейді. Оларды жөндеудің, қайталаудың жолдарын іздестірмейді, өзін басқалармен салыстырмайды.

Кеңес психологиясында мінез – құлықтың ауытқығаны қоғамдағы құқыққа немесе адамгершілік - өнегелі қалпына қарсылық білдіретін жеке қылықтар және қылықтардың жүйесі деп түсіндіреді. Ауытқушылық мінез - құлық алғашқы пайда болуы, балалық жаста, әсіресе жасөспірім жаста байқалады. Мінез – құлық ауытқуы бар балалардың мінезі жалпы қоғамдық ережеден, психикалық денсаулық ережесінен, мәдени немесе адамгершіліктік ережесінен ауытқыған тәртіп жүйесін айтады.

Акажанова А.Т. оқудың сәтсіздігі мен мінез – құлық ауытқуының қайнар бұлағы физикалық және психикалық денсаулық жағдайының әр түрлі ауытқуларының әлеуметтік, педагогикалық тұрғыда қараусыз қалуында және көп жағдайда мінез-құлықтың ауытқуы туа пайда болған психикалық және физиологиялық кемістіктердің себептерінен ғана емес, сонымен қатар, отбасы мен мектепте дұрыс тәрбие бермегеннің салдарынан болады деп дәріптейді [7].

«Қиын бала» атанып, отбасын да, мектепте де қиындық тудырып, ауытқушы мінез – құлықтар, өзара қарым-қатынасы жойылып, өзіне-өзі баға беру шеттен тыс шығып жүрген балалар туралы айтылып та, жазылып та жүр. Әйтсе де, бұл мәселе әлі шешімін тапқан жоқ.

Адам өмірге келген сәттен бастап, үлкен әлеуметтік ортаға тап болады. Оның осы ортада өзін нық, еркін сезінуі үшін көптеген факторлар қажет. Қазіргі қоғамда балаға сырттан әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына әсерін тигізеді. С.Т.Холлдың пікірі бойынша «бала толыққанды дамуы үшін», өз халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет.

Ауытқушы мінез – құлық екі үлкен категорияға бөлінеді:

- анық немесе жасырын психопатологияның барлығын білдіретін психикалық денсаулық қалыптарынан ауытқыған мінез – құлық;
- әлеуметтік, мәдени және әсіресе құқықтық қалыптарды бұзатын ассоциалды мінез – құлық.

Мұндай әрекеттер аз болса да олар құқық бұзушылық, ал салмақты болса, әрі жазаланса- қылмыс деп аталады. Бұл жерде делинквенттік (құқыққа қарсы) және қылмыстық іс - әрекеттер туралы айтылып отыр.

С.А. Беличева ауытқушы мінез-құлықты әлеуметтік ауытқуын былайша жіктейді. [11].

1.Пайдакүнемдік бағытта: құқық бұзушылық, материалдық, қаржылық, дүние - мүліктік пайда табуға ұмтылумен байланысты (ұрлау, тонау, алып – салу, алаяқтық және т.б.) жасаған теріс әрекеттері;

2.Агрессиялық бағытта:адамға қарсы бағытталған әрекеттер (бағыттану, бұзақылық, ұрып –соғу,өлтiру, зорлау);

3.Еңжар тип: белсенді өмір сүруден қашуға, азаматтық борыштарын өтеуден қашуға, жеке мәселелерді шешкісі келмеуге ұмтылу (жұмыстан, оқудан бас тарту, кезбелік, маскүнемдік, нашакорлық, өзіне-өзі қол жұмсау).

Қазіргі кезеңдегі мінез-құлық ауытқушылығы бар балалар мәселесі кең шеңберде зерттеушілердің, яғни психолог, педагог, социолог және дәрігерлердің назарын аудартуда. Сонымен қатар, мұғалімдердің, тәрбиешілердің және ата-аналардың негізгі көкейтестік мәселесінің бірі болып саналады. Осы жұмыста өзін-өзі бағалауды қалыптастырушы бірнеше факторлардың (жас ерекшелік, жыныстық, әлеуметтік) өзара байланысын, олардың өзін-өзі бағалаудың дамуына әсерін қарастыруға әрекет жасалынады. Сондай-ақ жеке адам мен өзін-өзі бағалау байланысының проблемасы, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі түсінуі талқыланады. Өзін-өзі бағалаудың маңыздылығы: істеген істері мен жеткен жетістіктерінің нәтижесін бағалау.

Адамның өзін-өзі бағалауы тым жоғары, не өте төмен (адекватты емес) болуы мүмкін екенін ескеретін болсақ, бұл екеуі де адам өмірін ауырлатады. Адекватты емес өзін-

өзі бағалау, сол адамның өзіне ғана емес онымен өндірістік, тұрмыстық және т.б. қатынастардағы адамдар өміріне де жағымсыз әсер етеді. Б.Г. Ананьев өзара түсінісу процесінде адамда екі түрлі білім: басқалар және өзі жайлы қалыптасады десе, В.С. Мерлин өзіндік сана-сезім дамуының 4 кезеңін бөліп көрсетеді [12]:

Тепе-теңдік сатысы: бала өзін қоршағандардың, алғашқыда анасынан бөле бастайды; «Мен сатысы» (2-3 жасқа қарай) өзін іс-әрекет субъектісі ретінде ұғынумен байланысты;

Өзінің психикалық қасиеттерін ұғыну;

Жеткіншектік кезеңде пайда болатын әлеуметтік-адамгершіліктік өзін-өзі бағалау.

Балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлықтарының ауытқығаны - бұл өзінің негізінде түрлі биологиялық және әлеуметтік себептерге ие болған ауытқылардың ауқымды тобы. Ауытқушы мінез - құлықтың дамуының негізгі себебі биологиялық факторлар бола бермейді, бірақ олардың алдын болжаушы негіз ретіндегі орны аса маңызды. Ауытқушы мінез-құлықтың биологиялық негізі, тұқым қуалаушы факторлар және ананың ауыр аяқ кезіндегі түрлі сыртқы жағымсыз жағдайлардың әсер ету салдары да болуы мүмкін. Бала ағзасына кері әсер ететін аса зиянды факторлар қатарына ішімдік, темекі шегу, токсикологиялық, нашакорлық заттардың пайдалануы бірінші кезекке өз үлесін тигізеді.

В.В. Ковалев, А.Е. Личко өз еңбектерінде, қоршаған ортамен әрекеттестікте пайда болатын және осы кезеңде мінез-құлықтарын қалыптасуына ықпалын тигізетін, жеткіншек жасына тән психологиялық реакцияларындағы балалық және ересектік ерекшеліктерінің бір уақытта үйлесуі жөніндегі мәселені зерттеген. Авторлар жасөспірім жасына тән мінез-құлықтың бірнеше реакцияларын сипаттайды:

Эмансипация реакциясы – бұл балалардың дербестікке, үлкендердің қамқорлығынан босануына талаптануын бейнелейді. Қоршаған ортаның қолайсыз жағдайында бұл реакция мектептен немесе үйден қашудың негізінде, мұғалімдер мен ата-аналарға бағытталған ашудың әсерінде және жеке әлеуметтікке қарсы қылықтардың негізінде болуы мүмкін.

«Геріс нәрсеге еліктеу» (иммитация) реакциясы – бұл баланың мінез-құлқында, әсіресе отбасы мүшелерінің қолайсыз мінез-құлықтарына қарсылығын білдіру кезінде айқын көрінеді. Сонымен қатар, тәуелсіздікке күресу мен эмансипация реакциясының құрылуын бейнелейді.

Топталу реакциясы – бұл мінез-құлықтың белгілі бір стилмен жеткіншектер және топ аралық, әсіресе өзінің лидерімен қарым-қатынастың жүйелігін сипаттайды.

Әуестену реакциясы – жеткіншектің тұлғасының ішкі құрылымының ерекшеліктерін бейнелейді.

Жыныстық әуестігімен қалыптасатын реакциялар (онанизм, ерте жыныс қатынас өмірі, жыныстық мәселелерге қызығушылықтың жоғары болуы).

Біріншіден, балалардың қырық төрт пайызы толық отбасы болмағанын, яғни тек ата-анасының біреуі ғана болғанын, отыз пайызда жақын туыстарының біреуі (әкесі, шешесі немесе ағасы) заң алдында жауапқа тартылғандар, он бес пайызы әке шешесінің ішімдікке салынғанын анықтаған. (бұдан шығатын қорытынды мінез-құлқы ауытқушы болған балалардың негізгі себебі отбасы тәрбиесінің дұрыс жолға қойылмауы.

Екіншіден, бала жағдайы толық жасалған ешқандай өмір қиындығын көрмеген. Мұндай балалар өздігінен еш нәрсе істей алмайды. Қарым-қатынаста алаңдаушылық қасиеттері жоғары.

Үшіншіден, отбасы мүшелері тек қана осы балада. Оның қылықтарын мақтан тұтады. Мектептен тыс ерікті, ешнәрсеге тиым салынбайды. Ата-ана баланың айтқанын орындайды.

Төртіншіден, ата – аналар - өте қатал. Балаға шамасынан тыс талаптар қояды. Өзіне сенімсіз, өз пікірін, ойын айта алмайды. Қорқақ, алаңдаушылық қасиеттерге берік болады.

Осыған байланысты орта мектептерде ауытқуы бар балалардың мінез-құлқына, ақыл-ойына, қылықтарына байланысты жеке сабақ өтілді. Бұндай балалармен педагогтар, психологтар, әлеуметтік педагогтар, дефектологтармен жұмыс жасайды. Түсінігі, ақыл – ойы, мінезі арнайы мектептегі бірінші сынып оқушысына тән.

Ең маңыздысы мінез-құлқын анықтау, оны емдеуге жіберу, емделіп келгеннен кейін оған ерекше көңіл бөлу болып табылады. Мұндай сырқатқа ұшыраған балаларды көмекші мектептерде емдеп, білім беру керек. Бұл аурудың басты себебі, белгісі эмоция жігер сферасының өзіне тән өзгермеуі. Мінез-құлқы ауытқушы болған балалардың мінез-құлқы бұзылған жағдайда біріншіден қоршаған ортамен байланысы бұзылып, өзінше тұйықталып, көңілге қонымсыз істер істейді, сандырақ сөздер айтады, үнемі алаңдай береді, ешбір себепсіз қорқады.

Психикалық дамуы қалыпты жағдайдағы балалардан қарағанда, ақыл-ойы кем балаларда мінез-құлқтың ауытқуы жиірек кездесетіні белгілі. Балалар мен жеткіншектердің мінез-құлқтарының ауытқуына себеп болатын патологиялық факторларға, ақыл-ой кемістігінің жағдайлары да жатады. В.А. Малинауспен өзінің зерттеу еңбектерінде осындай ауытқылардың пайда болуына түрткі болатын 5 түрін атап көрсетті[13]:

- 1) ақыл-ой қалыпты дамыған адамдардағы себептер;
- 2) мидың дөрекі түрдегі органикалық зақымдануы;
- 3) ақыл-ой кемістігінен жиі кездесіп отыратын дағдарыс, түнелу және дау-дамайдың орын алуы;
- 4) эмоционалды ауытқушылықтар және соның салдарынан сын көзбен қарауының жетіспеушілігі.

Мінез-құлқтың ауытқыған формаларының арасынан мектептен, интернаттан қашу, қанғыру жиі байқалады. Жасөспірімдер оқуға немқұрайлы немесе жағымсыз түрде қарайды. Зерттелген балалардың барлығы 3 топқа бөлінеді:

– бұл балалардың мінез-құлқы ауытқылары мектеп интернатының қабырғасында ғана, яғни тәртіп бұзу, тыңдамау, темекі шегу, ұсақ ұрлық жасаумен шектеледі. Олардың психикалық дамымаушылықтары таяз, бірдей емес немесе дисгармониялық болып келеді.

оқушылардың мінез-құлқы ауытқылары мектеп қабырғасында шектеліп, белгілі бір әлеуметтік қауіп-қатерді тудырады.

Бұл жасөспірімдерге мектептен қашу, қанғыру, ұрлық жасау, бұзақылық қылықтар мен әрекеттер жасау, жыныстық мінез-құлқы ауытқылары, өзін-өзі өлтіруге талаптану ниетін көрсетуі тән болып табылады.

Адам ішкі жан дүниесінің қай сипаты ықпал етуді талап етуге байланысты психотерапияның негізгі 4 моделін бөлуге болады:

1. Психотерапия емдеу әдісі. Психикалық және соматикалық функция (медицин. модель) сферасында организмнің функционалды жүйе қалпына ықпал ету;
2. Психотерапия- үйрету процесін әрекетке әкеледі (психотерапияның психологиялық моделі);
3. Психотерапия манипуляциялаушы әдіс, инструмент сипатты және қоғамдық тексеру мақсатына қызмет етеді (әлеуметтік модель);
4. Психотерапия_адамдар арасында ықпал ету барысында жүзеге асатын құбылыстар жиынтығы;

Музыкатерапия- музыканы тыңдау, библиотерапия- кітап оқу арқылы ауруға ықпал ету. Имаготерапия - бейнелермен ойнау(imago: лат.-бейне) арттерапия - өнермен терапия. Көбінесе өнердің қолданбалы түрі пайдаланылады.

Арттерапиялық тапсырмалар екі вариант түрінде жүзеге асырылады: белгілі бір тақырыпта тапсырмалар орындау және берілген тапсырманың материасын еркін тақырыпта, еркін материалмен жұмыс жасайды. Тапсырма соңында тақырыпты орындау манерасын талқыға салады.

Натурпсихотерапия немесе табиғат ықпалы, логотерапия немесе әңгімелесу психотерапиясы, гештальттерапия негізгі мақсаты – жеке адам потенциалын көтеру, оның күшін үдету, интеграция және даму жолымен адам мүмкіндіктерін өсіру.

Марита-терапия негізі Японияда 1921 жылы берілген морита кітабында көрсетілген. Мұның теориялық нұсқауы адамдардың жолын, тәуелділігін түсінумен байланысты әдіс.

Супестивті психотерапия – сергектік, гипноздық ұйқы, наркотикалық ұйқы, жанама ұйыту және планцеботерапия – (дәрілік ықпал ету) қалпы.

Жүріс-тұрыстық психотерапия – (шартты рефлексстер) ықпал ету техникасы ретінде кеңінен қолданылады.(қорқынышты жою)

Жеке психотерапия. Бұл психолог пен клиент арасындағы өзара әрекеттесу мәнінің құрылу ерекшелігін көрсету болып табылады, яғни медициналық диагнозы бар. Психолог клиентпен қандай да бір өзара әрекет ету ситуациясын құрады. Ол адам мәні жөніндегі кәсіби білімі негізінде жасалады. Басқалай айтқанда психотерапевт жұмысы адам мәні туралы философиялық көзқарастарына сүйенеді.

Топтық психотерапия – бұл әр түрлі аурулармен ауыратын адамдар арасында жүргізілетін психотерапиялық ықпал жасау формасы ретінде қазір кеңінен қолданылады.

Топтық психотерапия ерте жастан – мектепке дейінгі, ең кәрілік шаққа дейін қолданылады.

Көптеген психотерапевт пікірлері бойынша топтық психотерапия қоршаған адамдармен өзара қатынас құрылуына негізделеді немесе қоршаған ортамен шиеленіс.

Топтық психотерапия ашық немесе жабық 25-30 адам құрамында жүреді және 8-12 адам(шағын топ).

Психотерапиялық сабақтар бір уақытта, бір жайлы жерде өтуі тиіс. Психотерапевт басқалардан ерекшеленіп тұруы тиіс. Топта оған қатысушылардың жекелік жетілуі деп атауға болатын құбылыстар жүреді. Олар жаңа формадағы әрекетте, өз танымдарын кеңейте ситуацияларды бастан кешіреді. Психотерапияны жүргізгеннен кейін жүріс-тұрыстық өзгерістер (ым-ишара, дене тұрысы, жүріс-тұрысы) байқалады. Олар өзіндік сана және санада өзгерістерінің сырттай көрінуі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың қажеттілігінде тежеулер әлсіз, өзінің талаптану, тілек – ықыласы сезіміне деген төзімділігі нашар дамыған, сол себепті көп жағдайларды олар ата - аналарының, мұғалімдердің, үлкендердің қоятын талаптарына қарсы шығып, дау - жанжал тудырып жатады. Бұл жастағы балалардың жеке басының дамуына ерекше көңіл бөлу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Эльконин Д.Б. Природа детства и его переодизация // Избранные психологические труды. - М., 2011. 68 с.
2. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. - М.: Просвещение, 2003. 128 с.
3. Платонов Г.К. Структура и развитие личности. / отв. ред. А.Д. Глоточкин. - М., Наука. 2011. -236 с.
4. Драгунова Т.В. Психологические особенности подростка. М., 2013. -85 с.
5. Леонтьев А.Н. Избранные психологические труды. - М.: Педагогика, 2001. т.140-185 с.
6. Выготский С.Л. Психология развития как феномен культуры.- М.,2009 40 с.
7. Акажанова А.Т. Психолого-педагогические особенности противоправного поведения женщин и несовершеннолетних девочек подросток // Поиск. – Алматы, 2005. № 4(2). С. 33-52.
8. Фрейд З. «Я и Оно». Тб 2002. 145 с.
9. Фромм Э. Душа человека. - М., 2000. - 280 с.
10. Хорни К. Еркіндіктен қашуға тырысу , М.; 1998, 230б.

11. Беличаева С.А. Справочная книга практического психолога. М, 2011, 165 с.
12. Мерлин В.С. Структура личности: характер, способности самосознание. Нормы. Пермский гос.пед.институт - М., 2002. - 110 с.
13. Малинаускене М.А. Клинико-психологическая характеристика нарушений поведения у подростков, страдающих олигофренией. Автореф.... канд. психол. наук: 15.10.77. М., 2001 30 с.

ОСОБЕННОСТИ САМООЦЕНКИ ПОДРОСТКОВ С ОТКЛОНЕНИЯМИ В ПОВЕДЕНИИ

Егенисова А.Қ. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Кашиева А.Ж. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье проведен анализ работ ученых, изучавших проблему детей с отклонениями в поведении, и изложены психологические особенности этих детей. Проанализировали классификацию социальных отклонений отклоняющегося поведения, этапы развития самосознания, несколько поведенческих реакций, характерных для подросткового возраста, дали характеристику основным видам проводимой психотерапии.

Ключевые слова: подросток, отклоняющееся поведение, самооценка, общение, делинквентность, девиантность, методика, тренинг, терапия.

FEATURES OF SELF-ESTEEM OF ADOLESCENTS WITH BEHAVIORAL DISORDERS

Yegenissova A.K. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Kashieva A. Zh. - Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article analyzes the work of scientists who have studied the problem of children with behavioral disorders, and describes the psychological characteristics of these children. We analyzed the classification of social deviations of deviant behavior, the stages of self-awareness development, several behavioral reactions characteristic of adolescence, and gave a description of the main types of psychotherapy.

Key words: adolescent, deviant behavior, self-esteem, communication, delinquency, deviance, methodology, training, therapy.

